



№5 (9892)

17 қаңтар,
сейсенбі
2023 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш

Жаршысы



Аймақ жаңалықтары

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР МИНИСТРЛЕРМЕН ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Астана қаласына жұмыс сапары барысында бірқатар министрлермен кездесіп, өңір үшін маңызды жобаларды талқылады. Алдымен аймақ басшысы ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменовамен кездесті. Бүгінде Сыр өлінің шаруалары республика бойынша күршісе деген қажеттіліктің 90 пайызын өтеп келеді. Нұрлыбек Машбекұлы шаруаларды алаңдатып отырған мәселе суару желілерінің қанағаттанарлықсыз жағдайын көтерді.



Жыл сайын шамамен 2 млрд м3 су жоғалады, бұл республикадағы жалпы су шығынының жартысын құрайды. Мәселені шешу мақсатында өңір басшысы суару жүйелерін қалпына келтіру және жаңғырту жобаларын іске асыруды қамтамасыз ету, су бөлу процестерін автоматтандыру және цифрландыру керектігін ұсынды.

Өңірдегі өзекті мәселенің бірі – Арал теңізі. Соңғы 12 жылда 8,5 млрд м3 тартылған теңіздің жағдайы алаңдатарлықтай. Аймақ басшысы министрге маңызды мәселені айта отырып, вегетациялық кезеңде дарианғы жоғары сағасындағы елдермен келіссөздер жүргізіп, мәселені шешу жолдарын талқылады.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлімен кездесу барысында Қызылорда облысының қоғамдық-саяси ахуалы туралы өзекті мәселелер мен жастар саясаты саласындағы жаңа

бастамаларды талқылады. Министрдің ұсынысына сәйкес өңірде Дін басқармасы қайта құрылатын болды. Сонымен бірге ашық азаматтық қоғам және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланыс орнатудың жаңа тәсілдері талқыға түсті.

Аймақ басшысының ҚР Әділет министрі Азамат Есқараевпен кездесуінде облыс әкімдігі тарапынан қабылданып жатқан қаулы-қарарлар мен нормативтік-құқықтық актілердің заңнамалық сипаттамалары сөз болды. Облыстағы норма шығармашылық қызметті жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар айтылды.

Облыс әкімі ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровпен де кездесіп, елді мекендерді дамыту мақсатында қаржыландыруға ұсынылатын жобаларды пысықтады. Аймақта аталған министрлікпен биыл жалпы құны 5 млрд теңгені құрайтын 17 жобаны жүзеге асыру

жоспарда бар. Республикалық бюджетті нақтылау барысында тағы да 72 жоба ұсынылмақ. Атап айтқанда, «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында жалпы құны 7,6 млрд теңгені құрайтын 41 жоба, «Облыс орталықтарын дамыту» бағдарламасы шеңберінде жалпы құны 17,1 млрд теңгеге 23 жоба, «Шағын қалаларды дамыту» бағдарламасы бойынша 6,5 млрд теңгені құрайтын 8 жоба бойынша өтінім берілген.

Барлық жобалар елді мекендердің өзекті мәселелерін шешуге және тұрғындарға аса қажетті инфрақұрылымдық желілерді салуға бағытталған. Министрмен кездесу барысында Қызылорда облысының бюджетін көтеру, экономиканы әртарапандыру, кіріс көлемін арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар талқыланып, нақты ұсыныстар айтылды.

Облыста білім саласын дамытуға бағытталған арнайы бағдарлама қабыл-

данатын болды. Бұл туралы бүгін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсамбаевтың кездесуі барысында шешім қабылданды. Аталған бағдарлама білім сапасын арттыру, оқу-тәрбие процесін жетілдіру, білім нысандарының инфрақұрылымын дамыту, бала саны көп мектептер жанындағы қосымша құрылыстар мен апатты жағдайдағы білім ошақтарының және бейімделген ғимараттардың мәселелерін шешуге бағытталды. Облыстағы білім беру саласын жетілдіруге бағытталған бұл ұсыныстар министрлік тарапынан қолдау табатын болды. Сонымен қатар Мемлекет басшысының қолдауымен облыста алдағы 3 жылда Ұлттық жоба аясында 21 жайлы мектептің құрылысы жүргізіледі.

“ЖЖ” ақпарат

Ауыл тынысы

Жол жөнделіп, көгілдір отын кіреді

Өткен жылды тарихтың еншісіне қалдырып, жаңа жылға қадам басқанымызға да бірнеше күн өте шықты. Жаңа жыл – адам баласы үшін өткеніңді көз алдыға көкіліп, барлық іс-әрекетіңе, жүзеге асқан жұмыстарыңа есеп беретін уақыт. Жылды қорытындылап, өткеніңе шолу жасағаннан кейін жаңа жылға жаңа қадам басамыз. Алдағы жылда атқаратын шаруаларды тізбектеп, жоспар құрып, дамуға бетбұрасың. Барыс жылын табысты аяқтаған Жалағаш ауданы жаңа жылда жаңа жетістіктерге жету жолын саралап үлгерді. Биыл да жалағаштықтарды игі істер күтіп тұр.



Иә, ғасырға жуық тарихы бар «Қызылорданың Қостанайы» атанған киелі мекенде ауқымды жұмыстардың атқарылауы мүмкін емес. Негізгі сала ауыл шаруашылығының өзінде, оның ішінде Сыр салысын өндіруде алдыңғы шептен көрінетін ауданның билығы жетістігі ауыз толтырып айтарлықтай. Әсіресе елді мекендерді дамыту, қордаланған мәселелердің оң шешімін табуға жұмыс істеу күн тәртібінен түспей, бірқатары жолға қойылды. Әрине бәрекесі мен бірлігі жарасқан шежірелі ауданда игі бастамалар мен жарқын жобалардың көптеп қолға алынуы заңдылық.

Газетіміздің өткен санында алдағы уақытта атқарылатын ауқымды жұмыстарды мақаламызға арқау еткен едік. Енді бүгінгі әңгімеміз Ақсу ауылының дамуы бағытында болмақ. Осы жылға жоспарланған жүйелі істердің ішінде ақсулықтарды қуантатын жаңалықтар легі көп-ақ. Тоқсан сайын елді мекендерді аралап, жергілікті халықпен кездескен аудан әкімі Асқарбек Есжанов биыл да қолға алынатын жарқын жобалардан хабардар өткен болатын. Өрікз қордаланған мәселелерді тілге тиек ететін ауыл тұрғындары аудан әкімінің ауылға жыл соңындағы сапарында ешқандай уәж айтпады. Өйткені биылдың өзінде аталған ауылда қыруар шаруаның шеті көрініп

тұр. Қайта қолға алынатын жобаларды естіп қуанған ақсулықтар өңір әкімінің жұмыс жоспарына риза екенін жасырмады. Сонымен ақсулықтарды биыл қандай жаңалық күтіп тұр? Аталған елді мекенде нөндей шаруалар атқарылмақ? Осы сауалдарды тарқатып көрейік...

Алдымен жол жайына келсек... Иә, барды бар деп айту керек, ауданда тындырымды тірлік көп екеніне көз жеткіздік. Негізі «Ауыл – ел бесігі» жобасы жұмысын бастағалы ауылдық елді мекендер көркейіп-көгалданып, әлеуеті артып, бірнеше нысандар бой көтерді, жол сапасына мән беріліп, ауыз су жүйелері жаңартылды. Бұдан бөлек биыл «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында жалпы құны 1 млрд 133,5 млн теңгені құрайтын 3 елді мекеннің, яғни Жаңадария, Ақсу, Аққыр ауылдарының кіреберіс жолдарына және «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында 673,5 млн теңгеге 4 елді мекеннің 8 ішкі көшесіне жөндеу жұмыстары жүргізілетін болды. Ал биыл Ақсу ауылының ажарын арттыратын ауқымды істердің қатарында жол жайы да бар. Осыған дейін бірнеше өкімнің тұсында айтылған ауылға кіреберіс жолдың мәселесіне Асқарбек Темірбекұлы нүкте қойды. Яғни биыл Ақсу мен аудан орталығын жалғайтын жол күрделі жөндеуден өтеді.

Быттыр ауданда жүзеге асқан үлкен әлеуметтік жобалардың бірі Жалағаш кентін газдандыру жұмыстары болатын. Енді алдағы екі-үш жылда ауданға қарасты елді мекендерде жарқын жобалар қолға алынып, жүйелі жұмыстар жасалмақ. Әсіресе табиғи газға қосылатын ауыл тұрғындарының қуанышында шек жоқ. Қажеттілігіне, мәселенің өзектілігіне қарай барлық ауылдық округте көшелер жөнделіп, жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары кезек-кезеңімен атқарылады. Қазіргі таңда Ақсу елді мекенін газдандыруға байланысты жоба қолдау тауып, 2023 жылдың бюджетіне қаржыландыруға енгізілді. Елді мекенде алдағы уақытта жүзеге асатын жұмыстар мұнымен шектелмейді. Ақсуда 150 орындық мәдениет үйінің іргетасы қаланады. Одан бөлек толық электр желісі жаңартылғалы тұр.

Жоғарыда биыл кіреберіс жолдың күрделі жөндеуден өтетінін айттық. Бірақ Ақсуда жол құрылысы мұнымен шектелмейді. Осы жылы тағы мұнда ішкі 3 көшеге асфальт төселеді. Тіпті аудан басшысы бұған дейін ауыл әкіміне халықпен ақылдасып, тағы 2 көшені ұсынуын сұрады.

Айта кету керек, өткен жылы Ақсу елді мекенін газдандыру жұмыстарына және елді мекеннің ішкі көшелерін жөндеу жұмыстарына аудандық бюджеттен жо-

ба-сметалық құжатын әзірлеуге қаржы бөлінген. ЖСҚ әзір болған соң әрі қарай тиісті мемлекеттік органдармен жұмыс жүргізілді. Сондай-ақ ауылға аяқсу жеткізетін «Ақсу» каналының 3,2 шақырымын шаруашылықтардың демеушілігімен қазып, тоспа жүйелерін жөндеу және ауылға 150 орындық жаңа ауылдық клуб ғимаратын салу үшін жер телімін бөлу, жоба сметалық құжатын дайындау сияқты жұмыстар жемісін берді.

Жалпы ауданда жыл көлемінде қолға алынған жобалардың саны отызға жуықтаса, оның ішінде ауыз су, жол құрылысы, әлеуметтік нысандар, көпірлерді жөндеу, газдандыру, жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары қамтылған. Ауыз су желілері бойынша 4 жоба, жол құрылысына қатысты 9 жоба, газдандыру бойынша 4 жоба, жарықтандыру бойынша 4 жоба, абаттандыруға қатысты 4 жоба жүзеге асуда. Не десек те, атқарылған жұмыс көп, атқарылар шаруа да аз емес. Бір жылды артқа тастаған еліміз үшін есіктен өнген жаңа жыл мол табыс пен жарқын жетістіктерді ала көлің. Ал ауданымыздың дамуы жаңа жылда жаңа қарқын алады деп сенеміз. Бұған негіз де жоқ емес.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Сессия

Кеше аудандық мәслихаттың кезектен тыс 32 сессиясы өтті. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов, аудан әкімінің орынбасары мен аппарат басшысы, дербес бөлімдер мен мекеме басшылары қатысқан жиында күн тәртібіндегі 8 мәселе қаралып, негізгі мәселелердің бірі Жалағаш ауданының басқару схемасы бекітілді.

Жыл соңына дейін бюджет еселенеді



Бүгінге дейін аудан бойынша 12 бөлім жұмыс жасаса, енді олар атауы өзгерген және біріккен 8 бөлімге қысқарды. Жалағаш ауданының қоғамдық даму, ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары, мәдениет және спорт, экономика және қаржы бөлімдері жаңа атаумен өз қызметтерін жалғастырады.

Сессия соңында қорытынды сөз сөйлеген аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы жылдың басында бекітілген бюджет 8,5 млрд теңге болғанын, қазіргі таңда министрліктерге қосымша жаңа жобалар ұсынылғанын, жыл соңына дейін бюджеттің еселенетінін жеткізіп, алдағы атқарылар еңселі жобаларды бірге жүзеге асыруға шақырды.

Басқосуда мұнан өзге округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау, «Жалағаш аудандық сайлау комиссиясын сайлау туралы» аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 9 қаңтардағы №36-1 шешіміне өзгеріс енгізу, аудан әкімдігінің дербес құрамына келісім беру, «Аудандық жер комиссиясының құрамы және комиссия туралы ережені бекіту туралы» аудандық мәслихатының 2018 жылғы 21 қарашадағы №32-4 шешіміне өзгеріс енгізу, «Жалағаш аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту мен аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 4 ақпандағы №14-21 «Жалағаш аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесінің штаттық саны мен құрылымын бекіту туралы мәселелер қаралды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

БАСПАСӨЗ – 2023

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу әлі де жалғасуда. Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбеңіз.

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Бағасы
65460	Сыр бойы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тт
15460	Сыр бойы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тт
65461	Қызылординские вести (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тт
15461	Қызылординские вести (мекеме үшін)	6 ай	4500 тт
65425	Ақмешіт жастары (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2000 тт
65463	Ақмешіт апталығы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тт
15463	Ақмешіт апталығы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тт
65019	Жалағаш жаршысы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тт
15019	Жалағаш жаршысы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тт
65878	Халық (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3000 тт

**СҮЙКІТІ БАСЫЛЫМЫҢЫЗҒА
ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!**

Жүйелі жұмыстың нәтижесі де жоғары

Заман дамыған сайын адамзаттың ақыл-ойы да кемелдене түсті. Қазір білектің күшімен таңғалдыруың мүмкін, бірақ білімсіз болсаң, ешқандай қадам жасай алмайсың. Білім мен білік озған кезеңде тек өзгеден озық ақыл, парасатыңмен ғана мақсатыңа жетесің. Өйткені расымен адам баласы өзгеден ақыл, білімімен ғана ерекшеленеді. Білім – өрлеудің баспалдағы. Білім бар жерде өсу де бар, өрлеу де бар. Сондықтан болар, елдегі аталған салаға бағытталған қолдау жыл сайын көбеймесе, азаймай тұр. Мұны болашағымыз үшін жасалған игі жұмыстар деуге әбден болады.

Жалпы еліміздің өркендеуі білім беру ісінің ілгерілеуіне тікелей байланысты. Ауданымыздың білім саласы жылдар бойы облыс бойынша жоғары көрсеткішке ие болып келеді. Биыл да мектеп бітіруші түлектер жаңа ережеге сай ұлттық тест тапсыруды бастады. Жуырда ғана білім бөлімі мәлім еткендей, облыс бойынша 8048 түлектің 7044-і ҰБТ тапсыруға өтінім беріп, 10 қаңтардан 10 ақпанға дейін ұлттық бірыңғай тестілеу жұмыстары жүргізілуде.

Қаңтардағы ҰБТ-ға жоғары оқу орындарына шартты түрде қабылданған студенттер, шығармашылық дайындықты талап ететін БББТ-дан басқа білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген ЖОО білім алушылары, ақылы негізде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласына ауысуға ниет білдірушілер, сондай-ақ қалауы бойынша ЖОО ақылы негізде оқуға қабылданғысы келетін мектеп түлектері қатыса алады. Тіркелу кезінде тест тапсырушылар емтихан орнын, күнін және уақытын өздері таңдайды екен.

Айта кету керек, 2023 жылы ҰБТ-да тестілеу форматы өзгеріссіз қалған. Қазақстан тарихы бойынша тестілеуге қатысушылар 20 тапсырманы, оқу сауаттылығы бойынша 15,



математикалық сауаттылық бойынша 15 және екібейіндік пән бойынша 35 тапсырманы орындайды. Барлығы – 120 сұрақ.

Ең жоғары балл – 140. Тестілеудің жалпы уақыты – 4 сағат, яғни 240 минут. Сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қосымша 40 минуттық уақыт сақталады. Сонымен қатар бір ерекшелік жауап нұсқаларының азаюы болып отыр. Бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында нұсқалар саны бестен төртке дейін, бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауаптан көп емес, яғни сегізден алтыға дейін азайтылды.

Қаңтардағы ҰБТ-дан бастап «Информатика мұғалімдерін даярлау», «Ақпараттық технологиялар», «Ақпараттық қауіпсіздік» білім беру бағдарламаларының топтарына түсуге ниет білдірушілер ҰБТ-ны «Математика-Информатика» комбинациясы бойынша тапсыратын болды. Ең бастысы, тестілеу кезінде калькулятор, Менделеев және түздар ерігіштігі кестелері барлық талапкер үшін компьютер экрандарында қолжетімді болады. Бұның өзі сын сағатта сынып қалмай, уақытты үнемдеп, тез есептеу тәсілдерін білетін түлектерге мүмкіндік болмақ. Сондай-ақ ҰБТ қатысушыларына өздерімен қалам, су және шоколад алып келуге рұқсат етіледі.

Айта кету керек, алдыңғы жылы ауданда 321 түлек мектеп бітіріп, оның

296-сы ұлттық сынамаға қатысқан. Орташа балл 82-ні құрады. Оның ішінде 273 бітіруші түлек жоғары оқу орындарына түсіп, өз мамандығы бойынша білім алуда. 39 «алтын белгі» иегері, 18 «үздік аттестат» иегері де өткен жылы анықталған болатын. Ал былтыр аудан бойынша жеті мыңнан астам білім алушы, оның ішінде 358-і түлек болса, «алтын белгіге» 24, «үздік аттестатқа» 31 оқушы үміткер болды. Оның 312-сі ҰБТ-ға қатысты. Орташа балл – 81,2. Ал 239 түлек мемлекеттік грант иегері атанды. Әрине бұл бір аудан үшін төмен көрсеткіші емес.

Айта кетейік, ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқандар ішінде ең көп үміткері бар Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейі мен Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі болса, ең аз түлек Жаңадария ауылындағы №203 орта мектептен екен.

Ал биыл жаңа оқу жылында 7 128 оқушыны мектептері құшақ жая қарсы алса, соның ішінде 682 бүлдіршін 1 сыныпқа қабылданды. Аудан мектептері биылғы жаңа оқу жылына да жоспарға сәйкес үлкен дайындықпен кірісті. Атап айтсақ, аудан бойынша 20 мектеп, 1 көшкі мектеп, 37 мектепке дейінгі ұйым, яғни 10 мемлекеттік, 21 жеке балабақша, 6 шағын орталық, 3 қосымша білім беру ұйымы, 2 арнаулы білім беру ұйымы жас ұрпақтың санасына білім сіңіріп, бойына тәрбие тұтып бағытында жұмыс істеп келеді. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар

100 пайыз қамтылған. Қазіргі таңда 1-6 жастағы балалардың қамтылуы – 68,2 пайыз. Алдағы міндет – 1 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың балабақшамен қамтылуын арттыру. Балабақшалардағы 297 педагогтың 52,5 пайызының біліктілігі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға сәйкес келеді. Атап өтуіміз қажет, 2021 жылы бұл көрсеткіш 40 пайызды құраған.

Бүгінгі заман басқалардан білектен емес, біліммен озатын заман. Иә, расымен заман бұрынғыдай емес, білім саласындағы оқу үрдісі де, білім беру критерийлері де, барлығы өзгерді. Қазір жан-жақты, жаңашыл, үнемі ізденіс үстінде болсаң, еңбегіңнің жемісін көресің. Шүкір, біздің аудан білікті ұстаз, білімді шөкірттерден көнде емес. Ұстаздар қауымы барыша балаларды ынталандыруға, әрбір сабағын жаңаша, қызықты идеямен өткізуге талпынады. Өйткені оқушыны жалықтырып алмауды ойлайды. Түрлі білім додаларында жеңіске жетіп жүрген оқушылар да бар. Олар жетістікке жеткен сайын ауданымыздың мерейі асып, ұстаздардың қызметіне деген ынтасы, жауапкершілігі арта түседі. Осы оқу жылында аудан бойынша ҰБТ тапсыруға ниет білдірген түлектер саны 350-ден асады. Олардың барлығы қазіргі таңда қызу дайындық үстінде. Биыл да түлектер ұлттық сынамадан сүрінбей өтіп, аудан мерейін асқақтатады деп сенеміз.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Ауыл тынысы

Жарқын жобалар ауыл ажарын айшықтады

Ауыл түлесе, елдің жағдайы жақсарады. Ауыл – қаланың асыраушысы. Бұл сөз өткен ғасырда айтылса да, әлі маңызын жойған жоқ. Өйткені қазір қалалық жерлерді азық-түлік, ауыл шаруашылығы өнімдерімен үздіксіз қамтамасыз етіп отырған – ауылдар. Ауылдардың бүгінгі жағдайын осыдан жиырма жыл бұрынғы кезеңмен салыстыруға мүлдем болмайды. Қиын кезде елі көшіп, жері тозған ауылдық аймақтар қазір қайта түледі. Танабы құсырылып қалған егіс көлемі ұлғайды, босап қалған өріс те малға толды. Кеткеннің кемтігі толып, ауылдарға сырттан көшіп келіп, қоныстанып жатқандар көбейуде. «Елге ел қосылса, құт» дегенді бабалар бекер айтпаса керек.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауылдарды дамытуға ерекше назар аударып отыр. Ауыл шаруашылығын нығайтып, жетілдіруді бірінші кезекке қойды және сол мақсатта мемлекет қазынасынан тиісті қаржы да бөлінбек. Бір сөзбен айтқанда, ауылдарды өркендету үшін мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау да, көмек те болады. Тек сол жолда азаматтар аянбай еңбек етуі тиіс. Еңдесе алдағы уақытта елді мекендердің ажары айықтала түсетіні мәлім.

Биылдың езінде ауданға қарасты көп ауылда игілікті жұмыс басталғалы тұр. Солардың бірі – Есет батыр ауылы. Аламесек ауылдық округі – аудандағы тарихи тамыры терең ауыл. Тіпті өткен ғасырдың отыз-қырықшы жылдары Аламесек аудан орталығы болыпты. Онда орталық базар мен бірнеше әлеуметтік қызмет көрсету орындары және МТС жұмыс істегені тарихтан белгілі. Қазіргі Аламесек те көп ауылдардың ішінен халқының санымен, ауыл шаруашылығы өндірісінің қарқындылығымен ерекшеленеді. Егін шаруашылығын өркендетіп отырған бірнеше іргелі шаруа қожалықтары бар. Мал шаруашылығы да кеңінен қанат жайып келеді. Олардың алдағы мақсаты – аудан тұрғындарын ет-сүт өнімдерімен қамтамасыз ету. Бір айта көтерлігі, жерге дән тастап, маңдай терінің өтеміне қарай нәсібесін теріп отырған шаруашылық төрағалары тек қарамағындағы

жұмысшыларға айлық жалақысын және науқанның қорытындысы сайын сыйақы берумен ғана шектеліп отырған жоқ. Олар ауылдағы әлеуметтік мәселелерді де үнемі назардан тыс қалдырмай, қаржылай көмек беріп, қолдау көрсетіп келеді.

Өткен жылы ауылда бірнеше жарқын жоба жүзеге асып, ауыл тұрғындарын қуанышқа бөледі. Атап айтсақ, «Нағи» шаруа қожалығының төрғасы Байыт Ибарев демешілікпен балаларға арналған заманауи ойын алаңын салып берді. Бұл былтырғы «Балалар жылы» аясында бүлдіршіндерге жасалған көпелі тарту болды. Сонымен бірге «Нағи» шаруа қожалығы ауыл орталығындағы Әмірбай шешен көшесін абаттандыруды өз жауапкершілігіне алып, жұмысын бастап кеткен. Ал «Қарабура ата-1» шаруа қожалығының төрағасы Дастан Ержанов ауылға кіреберіс көшенің бойына электр жарығын орнатып берсе, «Жаңарық» шаруашылығының төрағасы Ғалымжан Қайырманов осы көшенің бір қапталын абаттандырып, саябақ ашуға ықпалысты. «Кектөбе» шаруа қожалығының төрағасы Әбдірасулла Әбдіәлиев ауыл орталығынан жеке қаржысына тарихи-өлкетану мұражайын салуды жоспарлап отыр. Бұл – ауылдық округ үшін ауыз толтырып айтатын игі іс. Өйткені тарихымызды, мәдени мұраларымызды, ұлттық құндылықтарымызды танып,

түгендеу жас ұрпақтың келешегіне жарық түсіреді, жалпы халықтық тәрбиеде де маңызды рөл атқарады. Бұйырса, мұражайдың құрылысы биыл көктемде басталамақ. Ел ішінде атқарылып жатқан жұмыстар жайында баяндаған ауыл әкімі Дәулеткерей Тәжібаев көркейтү-көгалдандыру жұмыстары жылда үздіксіз жүргізілетінін және оған ауыл жастары да өз үлесін қосатынын айтады.

Мемлекетіміз үшін халықтың денсаулығы мен өмірі аса маңызды. Сондықтан ауылдық елді мекендердің барлығында медициналық қызмет көрсетудің сапасы артып, жұмысы жүйеленуі тиіс. Бұл тұрғыда аталған ауылда биыл игі жұмыс басталғалы тұр. Айта кетейік, Аламесек ауылдық округіндегі емхана ғимараты әбден ескірген. Басы ауырып, балтыры сыздап, дәрігердің алдына баратын ауыл халқы дәлізі мен егу-емдеу бөлмелері тар емхананың жаңаруын күтіп жүргеніне көп уақыт болды. Расында тозығы жеткен ғимараттың ішінде үйлесімді қызмет көрсетіліп, жүйелі жұмыс жүрмейтіні белгілі. Өйткені біз қазір өркениетке бағыт бұрған ел ретінде цифрлы жүйеге көштік. Соның ішінде медицина саласы түгелдей сандық жүйеге өткен. Сондықтан тұрғындардың да, медицина қызметкерлерінің де жоғарыдағы талабы орынды. Өткен жылдың соңында ауылдарды аралап, халықпен кездескен аудан әкімі Асқарбек Есжанов, Есет батыр ауылына жасаған

сапарында тұрғындарға жақсы жаңалық жеткізіп, қуанып қойды. Биыл ауылда жаңа емхананың құрылысы басталатын болды. Бұл жаңалық тұрғындарды ғана емес, тар жерде тығылсыз отырған ауыл дәрігерлерін де бір серпілтір. Сонымен бірге Жалағаш-Есет батыр-Жаңадария ауданаралық автожол құрылысы биыл жалғасын табады.

Су – өмірдің өзегі. Елімізде халықты ең бірінші кезекте сапалы таза ауыз сумен қамту жұмыстары арнайы мемлекеттік бағдарламалар аясында жүзеге асып келе жатқанын білеміз. Аталған ауылда осы жылы ауыз су жүйесі кеңейтіледі. Тарқатып айтсақ, жылдан-жылға кеңейіп келе жатқан ауылдың сыртқы аймақтарына жаңадан қоныс теуіп, орналасып жатқан тұрғындар үшін ауыз су құбыры жүргізіледі. Қазірде көп ауылдарда электр желілері ескірген. Жауын-шашын болып, жел тұрса, жарық жалп өте қалады. Ал қазіргі заманда халықтың тұрмыс-тіршілігі тікелей электр қуатына тәуелді. Бірақ өз кезеңімен көп ауылдарда бұл мәселе шешімін тауып келеді. Дегенмен жарықты жаңартуды қажет ететін ауылдар бар. Биыл Аламесек ауылдық округінің электр желілері жаңартылады. Жұмыс өз деңгейінде атқарылса, бір мәселенің түйіні тарқатығалы тұр. Сондай-ақ ауыл ішіндегі бірнеше көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Қуат АХЕТОВ

Кез келген жұмыстың сапасы болуы үшін оған қатаң талап қойылуы тиіс. Ал талап өз үдесінен шығу үшін жігі бақылау қажет. Осы орайда аудан бойынша жүргізіліп жатқан игі жұмыстардың басы-қасынан табылатын «Аманат» партиясы Жалағаш ауданы филиалының жүйелі жұмысын айта кеткеніміз жөн.

Халық игілігі бәрінен маңызды

Жасыратыны жоқ, еліміз бойынша көбіне құрылыс саласында кемшіліктер мен олқылықтар көп кетеді. Ол – жауапсыздықтан, салғырттықтан туындайтын мәселе. Ең бастысы, мұндай жұмыстардың төңірегінде сыбайлас жемқорлық жиі көрініс береді. Соның салдарынан елдің игілігі үшін жасалып жатқан қаншама құрылыс аяқталмай, тоқтап қалады немесе сапасы сын көтермейтін дәрежеде халыққа пайдалануға беріледі. Бұл қазірде қоғамда түрлі пікір туғызып, еліміз бойынша бас ауыртатын ең өзекті мәселеге айналып отыр. Сондықтан Мемлекет басшысының өзі мемлекет қазынасынан бөлінген қаржыға істеліп жатқан жұмыстарды қатаң бақылауға алып, қадағалап отыруды тапсырды. Әрине қоғамдық өмірдің әр саласында орын алатын заң бұзушылықтарды, орны ойсырап тұрған кем-кетікті, жіберілген олқылықтарды арнайы тексеретін құзіретті орындар бар. Әйтсе де халық аманатын арқалаған партия бұл ретте де өз міндетін қапысыз орындап келе жатыр.

Қазірде «Аманат» партиясы аудандық филиалының жанынан құрылған партиялық бақылау комиссиясының құрамында үкіметтік емес ұйым мүшелері, әр саланың ардагерлері, БАҚ өкілдері, партия жақтастары және аудандық мәслихат депутаттары бар. Партия атауы өзгерген соң жұмысы да жаңаша сипат алып, бұрынғыдан жандана түсті. Өйткені Президент айтқан «Жаңа Қазақстанды» құру үшін нақты жоспарлар, жаңашыл идеялар, өміршең бағдарламалар және кедергісіз бағыт-бағдар қажет, бұның барлығы өз кезеңімен жүзеге асып келеді. Соның нәтижесінде партия мүшелерінің белсенділігі де арта түсті. Қазірде партиялық бақылау комиссиясының құрамы күшейді және соған сәйкес жұмыс ауқымы да кеңейді. Нәтижесі де жоқ емес.

Мәселен, өткен жылдың басында бекітілген жоспар бойынша ауыз толтырып айтар жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ, партияның сайлауалды бағдарламаларының орындалуын бақылау мақсатында партия филиалы жанынан арнайы мониторинг топтар құрылып, Жалағаш кентіндегі құрылысы жүріп жатқан ауыз су мұнарасының маңайына және Мөрәлі Шөменов ауылдарында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан мәдениет үйі ғимаратына партиялық бекеттер орналастырды. Аталған жұмысты топ тұрақты түрде мониторинг жұмыстарын жүргізіп келеді.

Сонымен бірге өткен жылы партиялық бақылау комиссиясы сауда орындарындағы бағаның тұрақтылығы, жылу маусымының әзірлігіне, жанармайдың бағасына және құрылыс жұмыстарына мониторинг жасады. Осы тұста аз аялдап айта кетейік, аудан орталығында орналасқан ірілі-ұсақты дүкендердегі баға тұрақсыздығы тұрғындардың наразылығын тудырған еді. Көбі партия филиалына бағаны реттеу жөнінде етініш жасады. Бұл орайда әрине, нарықтағы бағаны бақылауда ұстайтын арнайы құзылғы орын бар. Десе де «Аманат» партиясына халықтың сенімі бар. Сондықтан партиялық бақылаудың нәтижесінде бағаны ретсіз көтерген кәсіп иелеріне ескерту жасалып, шара көрілгені айдан анық. Әлі де баға партияның бақылауында.

Партиялық бақылау комиссиясының отырысы 2022 жылы 8 мәрте өтіп, күн тәртібінде 15 мәселе қаралды және сол бойынша мемлекеттік атқарушы мекемелерге 50 ұсыныс берілді. Партиялық бақылау комиссиясының отырысында ауылдық округ әкімдері сайлауалды бағдарламаларының орындалуы бойынша арнайы хабарламалар жасады. Демек, ауылдар мен елді мекендердегі атқарылып жатқан жұмыстардың барлығы да тікелей партияның назарында тұр деген сөз. Сонымен бірге аталған арнайы топ өткен жылы әлеуметтік нысандардың мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін бейімделуіне жағдай жасау мақсатында аудан бойынша 34 мекеменің стандарттық талапқа сәйкес келуіне ықпал етті. Яғни сала мамандары мен белсенді партия мүшелерінен құрылған арнайы топ мүмкіндігі шектеулі жандардың мекемелерге, көз келген қызмет көрсету орындарына қоларбамен кедергісіз кіріп-шығуын да үнемі бақылауда ұстайды. Атап айтсақ, олар бақылау барысында мемлекеттік мекемелердегі пандустар және басқа мүгедектерге арналған қажеттіліктердің мемлекеттік стандарттарға келтіру бойынша өз ұсыныстарын айтып, тиісті заңға сәйкес түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Осы жерде тағы да тоқтала кеткеніміз жөн. Өйткені қай қоғамда да халықтың ерекше тобы мемлекеттен жан-жақты қолдау, көмек көріп, қамқорлығын сезінуі тиіс. Әсіресе бүгінгі күні мүмкіндігі шектеулі жандарға деген мемлекеттің және қоғамның көзқарасы оң болуы керек. Жасыратыны жоқ, кейбір мекемелерде пандустар стандартқа сәйкес жасалмаған. Сол баяғы немқұрайлық, жауапсыздық. Соның салдарынан мүмкіндігі шектеулі жандар зардап шегеді. Бұл тұрғыдан партия жанынан құрылған арнайы топ көп жұмыс атқарғанын атап өткеніміз жөн.

Партиялық бақылау комиссиясының арнайы ұсынысы негізінде Аламесек ауылдық округіндегі мектеп ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстары кезінде балаларға арналған жуыну бөлмесі стандарттық талапқа келтірілді. Одан бөлек кент ішіндегі және ауылдарда жүргізіліп жатқан жол жөндеу жұмыстарының жұмысын партиялық бақылау комиссиясы үнемі өз назарында ұстайды. Өйткені жаңадан салынып жатқан нысандар, жөнделіп немесе жаңадан асфальт төселіп жатқан автомобиль жолдары халыққа қызмет көрсетеді. Қазір сапасыз жасалған жұмысты халықтың өзі де бақылап, байқап отыр. Егер жауапкершілікті сезінбейтін мердігер мекемелер болса, олар партиялық бақылаудың немесе құзырлы орындарға емес, халықтың алдында жауап береді. Өйткені «Аманат» та, халық та – Құдайдың аты.

Өткен аптада «Аманат» партиясының аудандық филиалында партиялық бақылау комиссиясының отырысы өтті. Жиында партияның бағдарламалық құжаттарына сәйкес және аталған комиссияның мүшелерінің ұсыныстары бойынша 2023 жылдың басында атқаратын жұмыс жоспары жасалып, бекітілді.

Қуат АХЕТОВ

ЕСКЕ АЛУ

Атқан күн әр адамға ұрсына еңкейгенше қайырлы ғой. Алайда біздің әулет үшін 2022 жылдың 14 желтоқсаны қайғылы күн болып көкейімізде қалып қойды. Дәл осы күні бір әулеттің ұйытқысы, шаңырағымыздың тірегі, ақылшысы, ардақты әке, немерелерінің сүйікті атасы, тыл ардагері Уәли Табаріқұлы 87 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Уәли Табаріқұлы 1936 жылы 3 наурызда Қалқан ахун елді мекеніне Жалағаш Тобыр деген жерде дүниеге келген. Жастайынан асыраушысынан ерте айырылып, соғыстың қасіретін және басқа да заман тасқиретін бастан өткізді. 1957-1960 жылдары әскер қатарында болып, Отан алдындығы борышын абыроймен өтеді.

Содан 1961 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін аудандық автобаз мекемесінде жүргізуші болды. АТП жанынан ашылған курста келік жүргізушілерге берді және басқа да жұмыстарды абыроймен атқарды. Елге өткен еңбегі бағаланып, «Құрмет» грамоталары, мақтау қағаздарымен марапатталды.


Отбасында жұбайы Қанымкүл екеуі 9 бала тәрбиелеп өсіріп, немере-шөбере сүйді. Ұрпағы қадірлеп «Дәде» дейтін. Дәдеміз еңбекқор еді, қандай жұмыс болса да білек сыбана кірісіп, тындырымды атқарды. Өзінің жауапкершілігінің және біліктілігінің арқасында ауданымыздың ауыл шаруашылығының дамуына зор үлес қосты. Балаларына, артындағы ізінен тараған ұрпағына да сол өзі жүріп өткен адал да өділ жолды үнемі ұлгі енеге етті.

Әкеміз біздің асқар тау-қорғанымыз, ақылшымыз еді. Аман не, Алланың бұйрығы пенденің дегеніне жүрмейтін екен. Сағаты соққанда Алланың құзырына кете барды. Бірақ амалдың ең үлкені – сабыр. Шүкір, әкеміз мәнді, мағыналы ғұмыр кешті. Ұл-қызының да қызығын көрді. Енді тек әкеміздің рухына құран бағыштап, сағынғанда еске аламыз.

Жаның жұмақта, рухың тыныш болсын, жан Әке! Өзіңді еске алып, оқытып жатқан дұға-тілегімізді Алла қабыл етсін!

Марқұмның қырық күндік асы Жалағаш кенті Дәулибай елді-мекені, Шоқан Уәлиханов көшесі №46 үйде 2023 жылдың 22 қаңтарында сағат 12:00-де берілетінін барша ағайын-туыс, құда-жеңжат, жора-жолдас, көрші-көлемге хабарлаймыз.

Еске алушылар бауырлары, ұл-қыздары және немерелері



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ ҚАУЛЫ		ҚЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ АКИМАТ ЖАЛАҒАШКОГО РАЙОНА ПОСТАНОВЛЕНИЕ	
Жалағаш ауданында көпөтерлі тұрғын үйдің пөтерлері, тұрғын емес үй жайлары меншік иелерінің көпөтерлі тұрғын үйді күрделі жөндеуге байланысты шығындарды өтеу қағидаларын бекіту туралы		Об утверждении Правил компенсации собственниками квартир, нежилых помещений затрат, связанных с капитальным ремонтом многоквартирного жилого дома в Жалагашском районе	
«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 16-5) тармақшасына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Қоса беріліп отырған Жалағаш ауданында көпөтерлі тұрғын үйдің пөтерлері, тұрғын емес үй жайлары меншік иелерінің көпөтерлі тұрғын үйді күрделі жөндеуге байланысты шығындарды өтеу қағидалары бекітілсін. 2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жалағаш ауданы өкімнің орынбасарына жүктелсін. 3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.		В соответствии с подпунктом 11) пункта 2 статьи 10-3 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях» и подпунктом 16-5) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» акимат Жалагашского района ПОСТАНОВЛЯЕТ: 1. Утвердить прилагаемые Правила компенсации собственниками квартир, нежилых помещений затрат, связанных с капитальным ремонтом многоквартирного жилого дома в Жалагашском районе. 2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Жалагашского района. 3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.	
Жалағаш ауданының әкімі		Аким Жалағашского района	
Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы «__» _____ №___ қаулысымен бекітілген		Утверждены постановлением акимата Жалагашского района от «__» _____ 2023 года №_____	
Жалағаш ауданында көпөтерлі тұрғын үйдің пөтерлері, тұрғын емес үй жайлары меншік иелерінің көпөтерлі тұрғын үйді күрделі жөндеуге байланысты шығындарды өтеу қағидалары		Правила компенсации собственниками квартир, нежилых помещений затрат, связанных с капитальным ремонтом многоквартирного жилого дома в Жалагашском районе	
